

## ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» ШЖҚ КМК  
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау  
жүргізу бойынша

Қызылорда қаласы

24.05.2023 жыл

### КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» ШЖҚ КМК (әрі қарай – Кәсіпорын) құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.

2. Төменде аталған кәсіпорынның бөлімшелеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 04.01.2023 жылғы №13-ө «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы» бұйрығына сәйкес құрылған жұмыс құрамы тобы жүргізді:

- Құрманғали Алмат Дәденұлы – Бас дәрігер;
- Абдрасулов Мурат – заңгер;
- Уразов Азамат Сартаеквич - №1 бөлімше меңгерішісі, кәсіподақ ұйымының төрағасы;
- Рысбаев Дидар Серикбаевич – заңгер;
- Баймуратова Эльмира Таурбаевна – бас фельдшер.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдың 3 айы кезеңі қамтылды.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 24.05.2023ж. жүргізілді.

6. Кәсіпорын заңгері Д.Рысбаевқа (комлаенс офицері) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері бойынша басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

### СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

#### I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (бұдан әрі – НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорын құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

#### Талданатын объект туралы мәлімет:

Кәсіпорын құзыреті шегінде облыс аумағында барлық тұрғындары мен қонақтарына шұғыл медициналық жәрдем көмегін көрсету қызметін жүзеге асырады.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне,

өзге де НҚА-ге, сондай ақ Кәсіпорынның тікелей қызметін регламенттейтін бұйрықтар мен жарғысына сәйкес іске асырады.

Кәсіпорында 16 құрылымдық бөлімше жұмыс жасайды:

1. Ақпараттық-оперативтік диспетчерлік бөлім;
2. Санитариялық авиация бөлімі;
3. «№1 қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы» (Баласағұн);
4. «№2 қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы» (Тасбөгет);
5. «№3 қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы» (Астана);
6. «№4 қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы» (Абуов);
7. Сырдария аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
8. Жалағаш аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
9. Қармақшы аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
10. Төретап кентінің жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
11. Қазалы аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
12. Арал қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
13. Сексеуіл кентінің жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
14. Шиелі аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
15. Жанакорған аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
16. Қызылорда облысы бойынша бірыңғай медициналық Call-орталығы.

**II. Кәсіпорын қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды нормативтік құқықтық актілерде, бөлімдерде өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделейді.

Кәсіпорын қызметінде келесідей НҚА пайдаланады:

- «ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ» Қазақстан Республикасының Кодексі;

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-проестік кодекс;

- «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы;

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Басқада НҚА мен ішкі бұйрықтар.

**НҚА талдау жүргізу нәтижесінде мынадай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтар байқалуда:**

2.1. Кәсіпорынға жұмысқа тура (жұмысқа қабылдау) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына және Enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы жүргізіледі.

Кәсіпорынға жұмыскерді қабылдау барысында үміткер кодексте көзделген құжаттарды қолма-қол тапсырады, осыған орай екі тараптан қандай құжаттарды тапсыру керектігі саралып және әрі қарай тапсырған уақытта мүдделер қақтығысырын алып, сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындайы ықтимал.

#### **ҰСЫНЫС:**

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 32-бабына «Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар» - жұмыс беруші жұмыскерді жұмысқа қабылдау барысында қажетті құжаттырды Enbek.kz электрондық еңбек биржасы платформасы арқылы сұрату» толықтырулар енгізу арқылы электронды форматқа ауыстыру.

### **III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтау.**

Кадрлық құрам бойынша.

Кәсіпорын құрылымында штат саны бойынша жалпы – 961 жұмыскер. 72 – дәрігер, 551 – фельдшер, 35 – әкімшілік құрам, 303 – басқа лауазымдар жұмыс атқарады.

2020, 2021, 2022 және 2023 жылдың 3 айында тәртіптік жаза қолдау бойынша мәлімет:

2020 жылы - 6-сөгіс, 8-ескерту, 1-қатан сөгіс, 2021 жылы - 6-сөгіс, 8-ескерту, 1-қатан сөгіс, 2022 жылы - 6-сөгіс, 8-ескерту, 1-қатан сөгіс, 2023 жылы - 6-сөгіс, 8-ескерту, 1-қатан сөгіс, түріндегі тәртіптік жазалар қолданылған. Барлық жазалар жұмыс барысында медицина саласында тиісті емшара қолданбау негізінде қолданылды.

### **Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы туралы ақпарат.**

Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Кадр бөлімінің маманы	Жұмысқа қабылдау барысында құжаттарды қабылдау, бұйрық	Жұмысқа қабылдау барысында немесе алдын ала қызметіне	орташа

шағыру мен еңбек шартын сыйақы алу мүмкіндігі жасау.		
--	--	--

**IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Кәсіпорында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

**V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.**

Кәсіпорын тарапынан мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

**VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.**

Кәсіпорын тарапынан рұқсат беру функцияларын іске асыру қарастырылмаған.

**VII. Бақылау функцияларын іске асыру.**

Кәсіпорын бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

**IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау.**

2020, 2021, 2022 және 2023 жылдың 3 айы бойынша мемлекеттік сатып алулар бойынша мәлімет:

2020 жылы - 0- шарт жасалды. Оның ішінде Конкурс 0- шарт, Баға ұсыныстары бойынша 0 – шарт. Бір көзден 0 - шарт. 2021 жылы - 0- шарт жасалды. Оның ішінде Конкурс 0- шарт, Баға ұсыныстары бойынша 0 – шарт. Бір көзден 0 - шарт. 2022 жылы - 0- шарт жасалды. Оның ішінде Конкурс 0- шарт, Баға ұсыныстары бойынша 0 – шарт. Бір көзден 0 - шарт. 2023 жылы - 0- шарт жасалды. Оның ішінде Конкурс 0- шарт, Баға ұсыныстары бойынша 0 – шарт. Бір көзден 0 - шарт.

**X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

Кәсіпорынмен ақпараттық жүйелерді әзірлеу қарастырылмаған.

**XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

2023 жылдың 2-ші жарты жылдығында «Е-өтініш» ақпараттық жүйе арқылы арыз-шағым тіркелмеген.

Сонымен бірге, кәсіпорынның әлеуметтік желілерде парақшасы және ғимаратта арыз-шағымдар мен ұсыныстарды қабылдау жәшігі орналасқан.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңінде азаматтар мен заңды тұлғалардан кәсіпорынның қызметіне арыз-шағымдар мен ұсыныстар тіркелмеген.

Бас дәрігер



А.Д. Құрманғали

**Заңгер**




**М. Абдрасулов**

**№1 бөлімше меңгерішісі,  
кәсіподақ ұйымының төрағасы**



**А. Уразов**

**Бас фельдшер**



**Э. Баймуратова**

**Заңгер**



**Д. Рысбаев**